

Г. Д. ҰЛТАНБЕКОВА*, Е. Ж. ШОРАБАЕВ*, В. С. ЖИЛКИН*, А. Қ. САДАНОВ**

ТҮЙНЕКТІ БАКТЕРИЯЛАР *RHIZOBIUM* ШТАМДАРЫНАН ДАЙЫНДАЛҒАН БИОПРЕПАРТЫҢ ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЛЫЛЫГЫНА ЖӘНЕ СОЯ ДаҚЫЛЫНЫҢ ӨНІМІНЕ ӘСЕРІ

(*Ұлттық биотехнологиялық орталық, Астана)

(**Биологиялық зерттеулер орталығы, Алматы)

Тәжірибе жүргізілген түйнекті бактериялардың белсенді штамдарынан нитрагин биопрепаратын дайындаудың жаңа технологиясы жасалды. Оның топырақ құнарлышының, соя өсімдігінің өніміне әсері зерттелді. Зерттеу нәтижелерінде *Rh. A-17* штамынан жасалған нитрагиннің соя өсімдігі өніміне әсері

жоғары екендігі анықталды.

Қазіргі таңда егін шаруашылығындағы өзекті мәселе – биологиялық азоттың жетіспеушілігі. Биосфера да молекуларлы азоттың биологиялық фиксерленуі суда және топырақта тек қана микроагзалар арқылы жүзеге асады. Жалпы микроагзалардың көп түріне, нитрагеназа ферментінің болуы, яғни азот молекуласының аммиакка дейінгі ыдырату ерекшелігі болып табылады [1,2].

Экологиялық зардаптардан басқа қазіргі кезде диқаншылар минералды тыңайтқыштарды бағасы-

ның қымбаттығына байланысты қолдана алмайды. Қазақстанда минералды тыңайтқыштарын қолданудағы ізденистердің дұрыс жолы – симбиозды азотфиксереуді пайдалану қажеттігін туғызады, бұршақ тамырындағы түйнекті бактериялардың әсерімен жүріп, ауыл шаруашылық дақылдарын азотпен қамтамасыз етеді. АҚШ, Англия, Австралия секілді алдынғы қатарлы елдер егіншілігінде бұршақ дақылдарының міндетті түрде нитрагинделген тұқымдарын (түйнекті бактериялардан жасалған препараттармен өндөлөген) себеді [3,4].

Биологиялық азот техникалық азоттан арзан болғандықтан аздегендеге ауыспалы егістің 25% алқабына бұршақ тұқымдас дақылдарын себу қажет екендейін дәлелдеді. Бұл ахуалдың дұрыс бір шешімі симбиозды азотфиксереу өсерімен бұршақ өсімдіктерінің тамырында жүретін биологиялық азотпен топыракты құнарландыру қажет. Екі жыл жонышқа және түйежонышқа бұршақ тұқымдас өсімдіктері өсікен топырақ 100 – 200 кг/га азотпен құнарланады. Сонымен қатар, нитрагинизация бұршақ тұқымдас өсімдіктерінің өнімі салмағының орташа көрсеткіші 30 – 40% болса, ал нитрагиндеу өсерінен ешкібас өсімдігінің дәнддерінің өнімі 50%-ға жетеді [5,6].

Нитрагин –бактериалды тыңайтқыштың және минералды азоттың бірден-бір орын ауыстыра алатын коммерциялық өнімі. Оны өндіру егін шаруашылығының тиімділігін жоғарылатады, экологиялық бұзылған топырактардың құнарын сақтайды.

Қазақстанда 1987 – 1989 жылдары соя өсімдігіне Ленинград нитрагинің қолданғанда нәтижелі болды. Соя дақылының өнімі 20–30%-ға өсті. Сондай-ақ Алматы облысының шаруашылықтарында жонышқа өсімдігіне жасалған Ленинград ризоторфинді қолданылып, нәтижесінде жақсы өнім алды. Бірақ Одақ тарағаннан кейін бұршақ дақылдарының түйнекті бактерияларының тиімділігін зерттеу жүргізілмегендіктен Қазақстанда нитрагин препаратын өндіру өзекті мәселе болып отыр [7,8].

Осыған байланысты, біздің ғылыми жұмыстының мақсаты биологиялық препарат нитрагиннің жана биотехнологиялық өндірісін өңдеу. Бұл өңдеудің негізінде бұршақ тұқымдас өсімдіктер өнімінің өсуі және топыракты азотпен құнарландыру.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӨДІСТЕРІ

Зерттеу жұмыстары Алматы облысының шаруашылықтарының егіс алқаптарында жүргізілді. Осы егіс алқаптарына егілетін бұршақ тұқымдас өсімдіктердің тұқымдарын өңдеуге арналған нитрагин препараты Степногор қаласындағы «Өндірістік биотехнология институтының» зертханасында дайындалды. Препарат дайындау үшін азот сініруші

түйнекті бактерия *Rhizobium japonicum* туысының A-15 және A-17 штамдары пайдаланылды. Биопрепараттың тұсі ақшыл сұр немесе қоңыр болады. Түйнекті бактерия *Rhizobium japonicum* штамдарына қоспа ретінде каолин пайдаланылды. Бір гектара қолданатын биопрепараттың нормасы 200 грамм нитрагинде 1200 млрд дейін клетка болды. Сакталу мерзімі – 7 ай. Соның түйнекті бактерияларының клеткалары биомассасын мына қоректік ортада өсірдік (кг/л):

| | |
|-------------------------------------|--------------------------------------------------|
| $(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4$ – 0,5; | глюкоза – 10,0; |
| NaCl – 0,2; | K_2HPO_4 – 0,5; |
| Бор – 0,8; | $\text{MgSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ – 0,2; |
| | pH – 6,85. |

Автоклавта зарарсыздандыру уақыты 0,8 атм. 30 мин. Колбаларға егу №79 агарлы қоректік орта пробыркадан бір рет 2 мл клеткалар биомассасын алып колбаға 30-50 мл қоректік ортада егеді. Клеткаларды өсіру уақыты 24–96 сағат аралығында, +27°С температурада 220 мин/айн. тербеткіште жузеге асырылды. Түйнекті бактериялардан препарат сыйымдылығы 130 литрлік тербеткіші бар «Electrolux» ферменттерде дайындалды. Ферменттеу үрдісі кезінде дақыл сүйекшілігі оптикалық тығыздығы (OT) өлшемен, титр клеткалары Горяев камерасында есептелінді.

Дала тәжірибесінен алынған барлық нәтижелер соя дақылының вегетациялық өсу кезеңдерінде әдістемелерге сәйкес жасалды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛДАУЛАР

Тәжірибеге алынған түйнекті бактериялар биомассасының өсуінің қорытынды қорсеткіш-тері 1-кестеде қорсетілген.

Қоректік органды ферменттерде дайындал және олар 121 °С температурада 30 минут зарарсыздандырылды.

Көлемі – 50 л. Өсіру жағдайы: 25+1°C температурада, араластыру айналымы – 450 айн/мин. Технологиялық ауаының жұмсалуы – 50 л/мин.

Аппараттағы қысым – 0,02 – 0,04 Мпа.

Коюландыру, тәжірибе өндірістік партияларын кептіру және тұрақтандыру келесі тізіммен жүргізілді:

1-кесте. Ферменттеудің қорытынды қорсеткіштері

| Штамдар | Егу материалы | | | Микроағзалар сүйекшілігі | | | |
|----------|---------------|------|-----------------|--------------------------|------|-----------------|-------------------------------------|
| | pH ортасы | OT | Клеткалар титрі | pH ортасы | OT | Клеткалар титрі | микроағзалар сүйекшілігін pH ортасы |
| Rh. A-17 | 6,75 | 10,8 | $1,5 * 10^{10}$ | 6,75 | 10,8 | $1,7 * 10^{10}$ | 7,3 |
| Rh. A-15 | 6,75 | 2,2 | $1,0 * 10^{10}$ | 6,75 | 8,0 | $2,0 * 10^{10}$ | 7,5 |

1. Центрифугада қоюландыру S70D-дағы $g=3000$ айн/мин $t=45$ мин;
 2. LZ-9 лиофильді кептірігіште температура градиенті $T = -45+28^{\circ}\text{C}$ кептіру.
 3. Дайындаудан пісіктіктерни тұтқындауда көзге келдін

3. Даындаған партияның титрін қоспа қаолиндейін орташа жағдайда түйнекті бактериялардың $5,2 \times 10^9$ кл/мл микро-ағзалар сұйықтығы партиясы алынды, көлемі V=48 літр, құрғақ заттар құрамы – 1,467%. Концентрированный түйнекті бактериялардың салмағы 403 грамм болды. Қорғаныс орта ретіндегі 80,6 грамм меласса қостиқ және арапастырылған пастаны корғаныс ортамен бірге кептірердің алдында тоқазытқышқа $T = -50^{\circ}\text{C}$ температурада катырылдық. Кептірілген өнімді 216 грамды ұсақтап, оған 4500 мл дистилденген суды құйдық және қоспа ретіндегі 4500 г қаолинді қостиқ. Да-йын пастаның титрі 15×10^9 кл/мл. Алынған зерттеу нәтижелері 2-кестеде көрсетілген.

Сонымен, дәндерді өндөу оңай, оны қолдану қолайлы, нитрагин биопрепараты дәндерге жақсы жабысады (дәндерді сүмен ылғалдандырып, нитрагинмен араластырганнан кейін кептіру кажет). Нитрагиннің өндірістік жағда-йындағы тәжірибелердегі жаң-жакты қаралып түйнекті бактериялардың стандартты құрамы $5,2 \times 10^9$ кл/г болып шығарылып және Алматы облысының шаруа козалықтары егіс алқаптарына соя өсімдік өніміне және топырак құнарлылығына эсерін зерттеу мақсатында тәжірибеге жіберілді.

Осы тәжірибе барысында анықтағанымыз, то-
пышрактағы аммонификаторлардың соя есім-дігіне
нитрагин биопрепарат дайындалған түйнекті бакте-
рияның әр түрлі штамдарымен өндегендеге мезгілдік
өсу динамикасы бақылаумен салыстырылғанда

көрсеткіштері бірнеше есеге жоғары екендігі 3-ке-
стеде көрсетілген.

Мұндағы Rh. A-15 штамына қарағанда Rh. A-17 дайындалған биопрепарат өсімдік өнгендегі тамырындағы аммонификатор микроғзалардың саны 9,4 млн/г болса, пал ғүлдегендегі саны 19,1 млн/г дейін жетті. Керісінше соя дақылының бұршақ салғанда микроғзалардың саны 5,8 млн/г дейін төмендейді.

Сояның ризосферасындағы аммонификаторлардың мезгілдік динамикасының жилігін зерттегенде, нитрагинмен өнделген есімдіктің ризосферасында бақылаудағы аммонификаторлардың орташа көрсеткіші 5,2 млн/га, ал тәжірибедегі нитрагин өнделген нұскалардағы орташа көрсеткіштер – 8,7–11,4 млн/г тең.

Осыған байланысты келесі зерттеу соя дақылының ризосферасындағы түйнектердің дамуына және тамыр жүйесіне жасалды (4-кесте). Тәжірибе төрт қайталаудың нәтижелерінің орташа мәліметтерін салыстырмалы түрде жүргізілді.

Бір өсімдікке шаққандағы бакылауда түйнектер түзбеген. Бұл кестедегі берілген мәліметтерде жоғары көрсеткіштер Rh. A-17 штамынан да-йындалған нұскада байкалды.

Мұндағы түйнектердің орташа саны 72 дана, олардың орташа салмағы 169,5 мг дейін артты. Ал келесі Rh. A-15 штамының көрсеткіштері сойкесінше түйнектердің орташа саны 56,5 дана болса, салмағының орташа мөшшері 139 мг тең болды. Бұл талдаудағы бір есімдікке шаққандағы тамырлардың массасы әр түрлі нәтижелер көрсетті.

Бакылауға алынған нұскада соя ризосферасының орташа массасы 2,5 г, ал тәжірибедегі нұскаларда Rh. A-17 орташа массасы 7,05 г дейін болса,

2-кесте. Тізбектелген өнімнің 2/2 құйылу қорытындысы

| № тізбегі | Тізбектің аталуы | Концентрация | Көлемі (салмағы) | Баланс |
|-----------|------------------|----------------------|--------------------|-----------------------|
| 1 | Ферменттеу | $5,2 \times 10^9$ | $4,80 \times 10^4$ | $2,5 \times 10^{14}$ |
| 2 | Центрифугирлеуі | $4,2 \times 10^9$ | $4,76 \times 10^4$ | $2,0 \times 10^{14}$ |
| 3 | Кептіру | $6,57 \times 10^1$ | $2,1 \times 10^2$ | $1,42 \times 10^{14}$ |
| 4 | Орташа лау | $1,5 \times 10^{10}$ | $9,46 \times 10^3$ | $1,42 \times 10^{14}$ |
| | Жалпы % шығымы | | | $56,88\%$ |

3-кесте. Топырактағы аммонийкаторлардың соя ризосферасындағы әртүрлі штамдармен инокулирленгенде мезгілдік санының есу динамикасы (млн./г)

| Тәжірибе нұсқалары | Өнгөндегі | Гүлдегендегі | Жемістегендегі | Орташасы |
|--------------------|-----------|--------------|----------------|----------|
| Бақылау | 4,2 | 7,5 | 4,1 | 5,2 |
| Rh. A-17 | 9,4 | 19,1 | 5,8 | 11,4 |
| Rh. A-15 | 7,4 | 13,8 | 5,0 | 8,7 |

4-кесте. Соя өсімдігі түйнегінің дамуына және тамыр жүйесіне түйнекті бактериялардың әртүрлі штамдарының асері

| Тәжірибе нұсқалары | Бір осімдікке шаққандағы орташа көрсеткіштер | | | | | | | | | | | | | | |
|--------------------|----------------------------------------------|----|------|----|------|----------|-----|-----|-----|-------|-----|-----|-----|-----|------|
| | түнектер | | | | | тамырлар | | | | | | | | | |
| | 1 | 2 | дана | 4 | Орт. | 1 | 2 | 3 | 4 | Орт. | 1 | 2 | 3 | 4 | Орт. |
| Бақылау | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 3,5 | 3,4 | 3,0 | 2,7 | 2,5 |
| Rh. A-17 | 70 | 73 | 69 | 75 | 72 | 168 | 174 | 168 | 168 | 169,5 | 6,7 | 6,9 | 7,4 | 7,0 | 7,05 |
| Rh. A-15 | 58 | 53 | 60 | 55 | 56,5 | 141 | 138 | 140 | 137 | 139 | 4,0 | 4,2 | 4,1 | 3,9 | 4,06 |

5-кесте. *Rhizobium japonicum* штамдарының соя өсімдігінің өніміне әсері

| Тәжірибе нұсқалары | Көк балауса салмагы, ш/га | | | | | | Дәннің салмагы, ш/га | | | | | |
|--------------------|---------------------------|-------|-------|-------|-------|--------------|----------------------|------|------|------|------|--------------|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | Орт. | Қосымша өнім | 1 | 2 | 3 | 4 | Орт. | Қосымша өнім |
| Бақылау | 203,0 | 199,6 | 204,0 | 198,3 | 201,2 | - | 18,1 | 20,3 | 19,0 | 19,0 | 19,1 | - |
| Rh. A-17 | 258,2 | 252,3 | 253,4 | 257,3 | 278 | 68,9 | 29,2 | 27,8 | 29,6 | 26,9 | 28,6 | 6,4 |
| Rh. A-15 | 244,2 | 243,3 | 238,1 | 235,0 | 240,0 | 23,7 | 24,4 | 25,4 | 24,7 | 24,5 | 24,7 | 2,5 |

6-кесте. Соя осімдігінде азоттың жинақталуына түйнекті бактериялар штамдарының әсер ету көрсеткіштері

| Тәжірибе нұсқалары | Азот, % | | | | | | | | | | | | | | |
|--------------------|-----------------|------|------|------|------|---------|------|------|------|------|-----------|------|------|------|------|
| | Көк балаусадағы | | | | | Дәндегі | | | | | Тамырдағы | | | | |
| | 1 | 2 | 3 | 4 | Орт. | 1 | 2 | 3 | 4 | Орт. | 1 | 2 | 3 | 4 | Орт. |
| Бақылау | 1,10 | 1,30 | 1,40 | 1,30 | 1,30 | 2,85 | 2,78 | 2,95 | 3,10 | 2,92 | 1,50 | 1,31 | 1,34 | 1,28 | 1,35 |
| Rh. A-17 | 3,10 | 3,00 | 2,98 | 2,89 | 2,99 | 6,10 | 5,95 | 6,20 | 6,19 | 6,11 | 2,18 | 2,10 | 2,19 | 2,20 | 2,16 |
| Rh. A-15 | 2,30 | 2,28 | 2,35 | 2,30 | 2,32 | 4,59 | 4,62 | 4,68 | 4,70 | 4,65 | 1,78 | 1,84 | 1,80 | 1,77 | 1,80 |

Rh. A-15 штамымен өндөлген тамырлардың салмағының орташа көрсеткіші 4,06 ғана болды. Демек, тәжірибеге алынған түйнекті бактериялардың Rh. A-17 штамымен өндөлген соя дақылдарын жер асты мүшесі тамыр жүйесінің және ондағы түйнектердің дамуы Rh. A-15 штамымен салыстырылғанда жоғары көрсеткіштерге ие болуы, олардың белсенділігінің жоғары екенлігін дәлелдейді.

Rhizobium japonicum штамдарының соя дақыларының жер үсті, яғни өніміне әсерін зерттеуді мак-
сат етіп қойдық. Бұл тәжірибе нәтижелері 5-кестеде көрсетілген. Штамдардың өнімге әсері стуі соя өсімдігінің көк балауса және дөннің салмағы арқылы анықталды.

Тәжірибеге алынған түйнекті бактериялардың Rh. A-17, Rh. A-15 салыстырмалы түрде қарағанда Rh. A-17 штамымен өндөлген нұсқадағы көк балауса орташа өнімі 278 ц/га, қосымша өнімі 68,9 ц/га жоғары болса, ал Rh. A-15 штамымен өндөлген соя дақылының көк балауса өнімі тиісінше 240 ц/га; қосымша өнімі 23,7 ц/га ғана болды. Ал, дәнмен есептелген сояның қосымша өнімі гектарда 6,4 ц дейін артты. Сонымен, Rh. A-17 штамының соя дақылы өніміне әсер ету белсенділігі жоғары болды.

6-кестедегі зерттеу нәтижелері түйнекті бакте-

риялар штамдарының соя өсімдігінің көк балаусадағы, дәндегі және тамырдағы азоттың жинақталуының пайыздық улесін анықтауға арналды.

Бұл тәжірибе нәтижелеріне талдау жасайтын болсақ, нәтижесінде Rh. A-17 штамымен өндөлген егіс алқабындағы соя өніміндегі азоттың жинақталу көрсеткіштері бақылаумен салыстырыланда жоғары болды. Яғни, Rh. A-17 штамының әсерінен көк балаусаның орташа азот жиналуды 2,99 %, дәндегі мөлшері 6,11%, және тамырдағы 2,16 %-ға тең. Бақылаудағы азоттың орташа көрсеткіштері тәмендегідей: көк балаусада 1,3 %, дәнінде 2,92 % және 1,35 % жинақталған.

Корыта келгенде, соя өсімдігіне арнайы дайындалған нитрагин биопрепараты түйнекті бактериялардың Rh. A-17 штамдары жоғары көрсеткішке ие екендігі аныкталды. Rh. A-17 штамының эсерінен топырақтағы азот сініруші микроағзалардың санының өсу динамикасының жоғары болатындығы дәлелденді. Яғни, микроағзалардың топырақта көп жиналуы оның құнарлығына оң эсері болады. Нәтижесінде Rh. A-17 штамымен өндөлген соя өсімдіктерінде азоттың жинақталу мөлшерлері бақылаумен салыстырғанда жоғары болды. Демек, Rh. A-17 штамымен дайындалған нитрагин биопре-

паратын соя дақылынан жоғары өнім алу үшін кен көлемде пайдалануға болатындығы анықталды.

ӨДЕБИЕТ

1. Саданов А.К., Курманбаев А.А. Экологическая технология в биологизации земледелия. Алматы, 2002. С. 190.
2. Сабельникова В. И. Биологически активные вещества клубеньковых бактерий. Кишинев: Штиница, 1979. С. 144.
3. Сагидолдина А. Е. Выделение и определение активности клубеньковых бактерий люцерны // 1-й Международ. конгресс «Экологическая методология возрождения человека и планеты Земля». Алматы, 1997. С. 173. 21–24 апреля.
4. Посыпанов Г.С. Азотфиксация бобовых культур в зависимости от почвенно-климатических условий // Минеральный и биологический азот в земледелии СССР. М.: Наука, 1985. С. 75-84.
5. Доросинский Л.М. Клубеньковые бактерии и нитрагин. Л., 1970. С. 59.
6. Курчак О.Н., Проворов Н.А., Симаров Б.В. Эффективность симбиоза с клубеньковыми бактериями у различных видов рода *Vicia* L. // Раств. ресурсы. 1995. Т.31, №1. С.88-93.
7. Алибекова Щ.Б. Симбиотическая азотфиксация и эффективность нитрагинизации сои на орошаемых почвах юго-востока Казахстана: Автореф. дис. ...канд. биол. наук. Алма-Ата, 1993.
8. Эбжәлелов А.Б., Сагидолдина А.Е., Саданов А.К.

Тұйнекті бактериялардың дегидрогенеза белсенділігі // Жаршы. Алматы, 1997. №10. 53–58-бб.

Резюме

Приведена технология приготовления препарата нитрагина из активных штаммов клубеньковых бактерий, взятых для эксперимента. Исследовано влияние препарата на плодородие почвы и продуктивность сои. Во всех экспериментах при использовании нитрагина, приготовленного из штамма Rh. A-17, наблюдалось повышение продуктивности сои.

Summary

A new technology of prepare the nitrogin preparation by using active strains of bacteria was showed in this article. The influence of preparation for soils properties and soy bean production it was investigated. In all experiments with application of nitrogin preparation, prepared from Rh. A-17 the increasing of soy bean productivity was detected.